

**«С.Шарипов атындағы Доссор мектеп-интернаты» КММ
кезектен тыс педагогикалық кеңес хаттамасының көшірмесі**

2023 жылдың 29 маусым күні С.Шарипов атындағы Доссор мектеп-интернатының педагогикалық ұжымында кезектен тыс педагогикалық кеңес болып өтті.

Күн тәртібінде:

1. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін - өзі бағалау қорытындысымен таныстыру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «С.Шарипов атындағы Доссор мектеп-интернат» КММ-нің директоры Б.А.Тиышбаева өзін-өзі аттестаттау қорытындысымен таныстырып өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау комиссиясы ережеге сәйкес сайланғанын айтып өтті.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығы бағалау өлшемшарттары бойынша 2021-2022, 2022-2023 оқу жылына дейінгі мектеп-интернаттың жұмысын талдай отырып, құрылған комиссия білім беру ұйымының жұмыстарына мониторинг жүргізді. Атырау облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мектептің бітіруші сыныптарының контингенті (4,9) негізінде оқыту нәтижелеріне бағалау жүргізілгені туралы айтылып өтті. Әдістемелік ұсынымдардың 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы», 6 – қосымшасы «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының өзін-өзі бағалау құрылымы» негізге алып, өзін –өзі бағалау тұжырымы жасалды.

Сөйлеушілер:

1. Қазақ тілі пәні мұғалімі Қ.Танғалиев – 2023-2024 оқу жылының қыркүйек айында білім беру ұйымдарының аттестациясынан өтетініміз белгілі. Осыған сәйкес сәуір айында 4,9-сынып білім алушыларына кешенді тестілеу жүргізді. Нәтижесі «қанағаттанарлық» деп бағаланды. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша өзін-өзі бағалау қорытындысымен танысып отырмыз. Және кейбір айтылған кемшіліктер бойынша жұмыстарды күшейтуіміз керек.
2. Ағылшын тілі пәні мұғалімі Г.И.Бисенова – күн тәртібіндегі мәселе бойынша өзін-өзі бағалау аттестаттау қорытындысымен танысып отырмыз. Сауалнама нәтижесінде көріп отырғанымыздай мектептің материалдық-техникалық базасын реттеу керек деп ойлаймын. Өзін-өзі бағалау қорытындысына қанағаттанамын.

Қаулы:

1. Білім беру ұйымын мемлекеттік аттестаттау шеңберінде өзін – өзі бағалау қорытындысы «жақсы» деп бағалансын.

2. Өзін – өзі бағалау қорытындысы бойынша тиісті құжаттар Атырау облысы бойынша білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаментіне мерзімінде жіберілсін.

Педагогикалық кеңес төрағасы:



Musey

Bauch